

# Ғалым-ұстазды ұлықтады

**Жақында Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Едіге Ғапуұлы Насамбаев 70 жасқа толды.**

Осыған орай университеттегі кезекті ғылыми кеңес отырысы «Мал шаруашылығы және биоресурстар» жоғары мектебінің профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Едіге Насамбаевқа арналды. Алдымен Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтының директоры Біржан

Нұрғалиев мерейтой иесінің өмір жолымен таныстырды. Әр жылдары түрлі лауазымдарды абайсымен атқарып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған Едіге Ғапуұлы қазіргі уақытта «Мал шаруашылығы және биоресурстар» жоғары мектебінде қызмет атқарады.

Ғылыми кеңес отырысын жүргізген басқарма төраға-

сы-ректордың бірінші орынбасары Өтеген Байырғалиұлы ғалым-ұстазға басшылықтың құттықтау хатын табыстап, иығына шапан жапты. Сонымен қатар ғалым «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Е.Каппельдің атынан саланы дамытуға қосқан үлесі үшін «Елеулі еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Ресейдегі К.А.Темиряев атындағы ауыл шаруашылығы академиясы тағайындаған академик Е.Лискунның құрметіне берілетін медаль батысқазақстандық ғалым Едіге Насамбаевқа да табысталды. Бұдан соң Едіге Ғапуұлына ҚР Ауыл шаруашылығы министрі А.Сапаровтың, Қазақтың ақбас сиыры республикалық палатасы ұжымының және С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінің деканы Т.Бексеитовтің құттықтау хаттары табыс етілді.

- Едіге Ғапуұлы Жәңгір хан университетінің түлегі. Ғұмы-

рының 52 жылын осы білім ордасында өткізіп келеді. Жоғары кәсіби біліктілікпен, жауапкершілікпен жұмысын орындайды. Ғылымға да айтарлықтай үлкен үлес қосты, - деді Жәңгір хан университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қазыбай Бозымов. Ал мерейтой иесінің замандасы, білікті ғалым, ардагер ұстаз Болатқали Төлебаев жүрежкарды өлеңін арнады.

Мал шаруашылығы саласында ерекше қолтаңбасын қалдырған көрнекті ғалым Е.Насамбаев 350-ден астам ғылыми жұмыс, 75 оқу-әдістемелік құрал, 6 монография, 8 оқулық жариялап, селекциялық жетістікке және өнертабысқа байланысты 7 авторлық куәлік иеленген. Өзінің ғылыми мектебін қалыптастырып, шәкірттер тәрбиелеген ұлағатты ұстаз үш ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидатын, PhD докторларының біреуін дайындаған. Сондай-ақ ғалым-ұстаздың ғылыми жетекшілігімен 24 магистрлік диссертация мен 200-ден астам бітіру дипломы жұмыстары жазылған.

**БҚАТУ медиа орталығы**

